

ӘОЖ 332.1

Л.Ж. Аширбекова\*, С.К. Тажиева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*E-mail: Turar200480@mail.ru

### Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық модернизацияның аймақтық астарлары

Бүгінгі күні «модернизация» термині экономиканың дағдарыстан кейінгі даму тақырыбындағы дискуссияларда өте жиі қолданылатын болды. Экспорттық-шикізаттық экономикадан инновациялық даму жолына өтуді қарастырғалы модернизация теориясына деген қызығушылық арта түсті. Модернизацияның сипаттамаларының бірі белгілі бір қоғамның, мемлекеттің немесе аймақтың көбірек дамыған елдер деңгейіне жетуге бағытталған әрекеттерін сипаттау болып табылады. Автор, мақалада бүгінгі күнгі Қазақстанның аймақтық саясаттағы экономикалық қызметтің әлеуметтік және экономикалық модернизацияның қамтамасыз етілетін дамыған аймақ орталықтарында іске асырылуы тиістігін негіздейді.

**Түйін сөздер:** модернизация, ұлттық экономика, аймақ, әлеуметтік-экономикалық әлеует, аймақтық саясат, инновациялық саясат.

L.Zh. Ashirbekova, S.K. Tazhiyeva

### Regional aspects of socio-economic modernization of the Republic of Kazakhstan

In article it is considered social and economic modernizations of Kazakhstan during the post-crisis period which value considerably increased with transition consideration from export and raw economy on an innovative way of development. The author specifies that the regional policy of present Kazakhstan has to be directed on concentration of economic activity in the developed regional centers providing realization of economic and social modernization and therefore all long-term strategy and country development plans directed on modernization have to be based on the available capacity of regions of the country.

**Key words:** modernization, national economy, region, social and economic potential, regional policy, innovative policy.

Л.Ж. Аширбекова, С.К. Тажиева

### Региональные аспекты социально-экономической модернизации в Республике Казахстан

В статье рассматривается социально-экономическая модернизация Казахстана в посткризисный период, значение которой значительно повысилось с переходом от экспортно-сырьевой экономики на инновационный путь развития. Автор указывает, что региональная политика нынешнего Казахстана должна быть направлена на концентрацию экономической деятельности в развитых региональных центрах, обеспечивающих реализацию экономической и социальной модернизации, и поэтому все долгосрочные стратегии и планы развития страны, направленные на модернизацию, должны базироваться на имеющемся потенциале регионов страны.

**Ключевые слова:** модернизация, национальная экономика, регион, социально-экономический потенциал, региональная политика, инновационная политика.

Қазақстандық жолдың жаңа сатысы – бұл экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жаңа міндеттер. Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы байланысты табу өмірлік маңызы бар болып табылады. Қазіргі заманда бұл әлеуметтік-

экономикалық жаңарудың іргелі сұрағы. Бұл Қазақстанның жақын онжылдықта дамуының басты векторы. [1].

XXI ғасырдың басталуымен бүкіл әлемде ғалымдар инновация, индустриализация және модернизация тақырыптарына бет бұра бастады. «Модернизация» түсінігі қоғамдық құрылымның

барлық мүмкін деңгейлерін қамтитын және тіршілікті қамтамасыз етудің қандай да бір саласын жетілдіру мен жаңартудан бастап, бүкіл әлеуметтік мәдениет жүйесін кешенді қайта құруға дейінгі әр түрлі масштабтағы салдары бар өзгерістерді талдауда қолданылады.

Бүгінгі күні «модернизация» термині экономиканың дағдарыстан кейінгі даму тақырыбындағы дискуссияларда өте жиі қолданылатын болды. Экспорттық-шикізаттық экономикадан инновациялық даму жолына өтуді қарастырғалы модернизация теориясына деген қызығушылық арта түсті.

Модернизация үрдісі аясында келесідей өзгерістер орын алады:

1) Бүкіл экономикалық қатынастар жүйесін трансформациялау және тұрмыс салтын өзгерту;

2) Экономикалық қатынастарды реттейтін жаңа процедуралар мен механизмдердің пайда болуы;

3) Озық технологиялардың пайда болуы және оларды қолдану, жұмысшылардың кәсіби дайындығының жоғары деңгейіне қол жеткізу;

4) Ақпараттық ресурстарды инновацияларға айналдыруға мүмкіндік беретін адам қызметінің шығармашылық құраушысының өсуі.

Бұдан модернизация үрдісінің бірнеше сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады:

– Кешенділік, себебі, бұл үрдіс шаруашылық қызметтің барлық саласын қамтиды;

– Жүйелілік, себебі, оның кез-келген сферасының немесе саласының өзгеруі экономиканың басқа да элементтерінің өзгерісіне алып келеді;

– Көпнұсқалылық, бұл модернизацияның біртегіс және тура емес, дифференциалданған сипатын білдіреді;

– Мерзімділік сипаты, оның бірнеше сатыны қамтитын, бір сәтті емес, ұзақ мерзімді іс әрекетімен байланыстылығын білдіреді;

– Жаһандық сипаты, себебі, ол Батыстың дамыған елдерінде басталып, дамушы аймақтарда етек жаюда.

Модернизацияның сипаттамаларының бірі – белгілі бір қоғамның, мемлекеттің немесе аймақтың көбірек дамыған елдер деңгейіне жетуге бағытталған әрекеттерін сипаттау болып табылады. Дәл осындай толықтырулар арқылы әлеуметтік мәдениетті зерттеудің эволюциялық тәсілі арнасында модернизация концепциясы қалыптасты. Саясат, экономика, әлеуметтану

және мәдениеттің пәндік салалары аясындағы өзгерістерге жүгінген кезде, модернизация секілді тарихи феноменді зерттеудің теориялық-мәдени ғана емес, сонымен қатар пәндік-эмпирикалық әдісінің қажеттілігі туындайды.

Әлеуметтік-экономикалық модернизация өнеркәсіптік саясатты, ғылыми техникалық және инновациялық әлеует дамуын, әлеуметтік инфрақұрылымның жетілуін қамтитын өзара байланысты бағыттардың кешені болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық модернизацияның келесідей мақсаттары бар: ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер мен прогрессивті технологияларды енгізу негізінде экономиканы жаңарту мен жетілдіру; экономика тиімділігін арттыру мен аймақаралық және халықаралық еңбек бөлінісіндегі оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған институционалдық өзгерістер мен прогрессивті құрылымдық жылжытуларды жүзеге асыру.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық модернизациясы – бұл аймақтарда жүзеге асырылатын барлық ұдайы өндірістік үрдістің және өндіру, бөлу, айырбас және тұтыну үдерістеріндегі бүкіл экономикалық қатынастар жүйесінің модернизациясы болып табылады. Ол берілген көлемдерді өндіруде ең аз ұдайы өндірістік шығындарға қол жеткізуге, жергілікті өндірістік, ғылыми-техникалық, еңбек және табиғи мүмкіндіктерін толық және тиімді пайдалану негізіндегі тұтынушылық құндардың құрылымына және аймақ экономикасының сыртқы нарықтарда жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған болуы тиіс.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық модернизациясы үш түрге бөлінеді: инновациялық, институционалды және құрылымдық.

Экономиканың инновациялық модернизациясы өндіріске ең жаңа ғылыми техникалық жетістіктер мен қызметтің жоғары технологиялық түрлерін енгізудегі кәсіпорындар мен ұйымдардың белсенді инновациялық қызметін ұйғарады.

Институционалды модернизация орта және шағын бизнесті жеделдетілген дамыту, бәсекелестік орта қалыптастыру және т.б. негізіндегі аймақтың әлеуметтік-экономикалық модернизациясына бағытталған.

Құрылымдық модернизация өндірістік потенциалдағы ғылыми-техникалық және тех-

ноголиялық инновациялар, аймақтық жүйелердің тиімділігін арттыру, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуына қол жеткізу, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін жоғарылату мақсаттарында оларды жаһандық экономикада бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде аймақтар экономикасының құрылымдық қайта құруын қамтамасыз етуге бағытталған [2].

Бүгінгі күні отандық мамандармен Қазақстан экономикасының модернизациясының бірнеше концепциясы құрастырылған. Олар: Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы, 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама, 2004-2010 жж. Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2015 жылға дейін Қазақстан Республикасының аймақтық даму бағдарламасы, 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары, «Қазақстан-2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2012-2020 жж. моноқалаларды дамыту бағдарламасы және т.б.

Жаһандық экономикалық процесстерге қосылу бүгінгі күні өз экономикасының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігіне ұмтылатын кез-келген мемлекеттің ұлттық дамуын қамтамасыз етуінің қажетті шартына айналды. Егер ұлттық экономиканы – жүйе, ал аймақты осы жүйенің бір элементі ретінде қарастырсақ, мемлекеттің аймақтары белсенді және тұрақты дамыған жағдайда, оның экономикасы бәсекеге қабілетті болатындығы тәжірибемен дәлелденген. Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының заманауи сатысы аймақтық мәселелердің кең көлемді кешеніне қызығушылықтың күшеюімен сипатталады. Қазақстан қуаты – бұл бірінші кезекте аймақтардың қуаты.

Сондықтан да, аймақтық саясат бүгін экономикалық қызметті экономикалық және әлеуметтік модернизациялаудың «локомативіне» айнала алатын, дамыған аймақтық орталықтарда шоғырландыруға, экономикалық потенциалдарды рационалды аумақтық ұйымдастыру мен халықты орналастыруды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Талдау нәтижесінде мемлекет аймағының ерекшеліктерін жете есепке алмай модернизацияны жүзеге асыру «модернизациялық әсердің» әркелкі орналастырылуына алып келуі мүмкіндігі анықталды, ал бұл өз кезегінде аймақтар дамуының диспропорциясына алып келуі мүмкін. Барлық модернизацияға бағытталған ұзақ мерзімді мемлекеттің даму стратегиялары мен жоспарлары мемлекет аймақтарының бар потенциалына негізделуі тиіс. Сондықтан Қазақстан мен оның аймақтарының индустриалды-инновациялық модернизациясының шектеулері мен қалыптасқан әлеуетті қарастыру қажет.

Соңғы жылдарда елде қол жеткізілген экономикалық өсу елдің экономикасында озық құрылымдық жылжуларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайларды жасайды. Бұл туралы ең маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер серпіні куәландырады.

Нарықтық институттар, қаржы секторының дамуы, қазіргі байланыс құралдарының таралуы және телекоммуникациялар дамуы, шетелдік капиталдың келуі, экономикалық сегменттер құрылымы пайда болуы дамыған елдерге тән. Қазақстан ЖІӨ өсу қарқыны бойынша дүниежүзілік көшбасшылар қатарына кірді, ол көрсеткіш 2011 ж. 7,5 % құрады, ал 2012 ж. – 6,0%-ды құраған, экономикада инвестиция көлемі өсуде (4653,5млрд т. 2011ж.), жаңа жұмыс орындары пайда болуынан жұмыссыздық деңгейі 5,4 %-ға айтарлықтай төмендеді [3].

2012ж. Бүкіләлемдік экономикалық форумның бағалауы бойынша біздің елде экономика нығайды, соңғы 5 жыл ішінде ол алғаш әлемнің 144 елдерінің арасында жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша 51-ші позицияны иемденді. Яғни, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік деңгейі бір жыл ішінде 21 тармаққа бірден жоғарылады.

2013 ж. Қазақстан өзінің рейтингін 1-ші позицияға көтерді және соған байланысты 50-ші орынды иеленді. Елдің артықшылығы еңбек нарығының икемділігінен және әсерлілігінен көрінеді (15 орын) және тұрақты макроэкономикалық орта (23 орын), ал бұл көрсеткіштер бойынша басқа елдерде көрсеткіші төмендігін атап өту керек. Қазақстанның басты осал тұстары денсаулық сақтау мен алғашқы білім беру сфералары (97 орын), бәсекеге қабілетті компаниялар (94 орын), және де инновациялық әлеует (84 орын) болып табылады [4].

**1-кесте** – Қазақстандағы 2000-2011 жж. негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасы

	2000 ж.	2005 ж.	2008 ж.	2011 ж.	2011 ж. 2000 ж. %
ЖІӨ жан басына шаққанда, АҚШ доллары	1 229,0	3 771,3	8 513,5	13100,0	10,65 есе
Жұмыссыздық деңгейі, %	12,8	8,1	6,6	5,4	7,4 % пункт
Тікелей шетелдік инвестицияның жалпы салымы, млн. АҚШ доллары	2 781	6 619	19 760	19 017	6,8 есе
Негізгі капиталға инвестиция, млн. теңге	595664	2 420 976	4 210 878		7,8 есе
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	13852,2	45 201,5	109 072,5	126 212,7	9,1 есе
Кедейшілік коэффициенті, %-пен, «1 АҚШ доллар есебінен анықтау, күніне (СҚП) / Кедейшілік тереңдігі	10,3	7,5	2,3	1,1	9,36 есе төмендеді
Ұялы телефон байланысының абонент саны, 100 адамға шаққанда	-	35,6	102,6	118,9	3,34 есе
Ғаламтор жүйесін пайдаланушылар саны 100 адамға шаққанда	-	4	15,1	31,6	7,95 есе

**2-кесте** – Қазақстанда 2007-2011 жж. негізгі көрсеткіштер бойынша аймақтардың даму динамикасы

	2011ж. өсім 2007ж. % бен салыстырғанда			
	ЖАА(Жалпы аймақтық азық-түлік	ЖАА жан басына шаққанда	Инвестиция және негізгі капитал	Негізгі ақы-пұлдың бары
Қазақстан Республикасы	212,7	200,1	147,7	210,8
Ақмола облысы	199,7	203,5	119,1	248,3
Ақтөбе облысы	211,1	194,8	171,5	208,1
Алматы облысы	233,6	195,3	261,4	222,9
Атырау облысы	270,2	252,3	140,9	171,9
Батыс Қазақстан облысы	203,5	215,5	91,5	192,6
Жамбыл облысы	231,5	229,3	356,1	219,0
Қарағанды облысы	208,1	207,4	166,6	176,0
Қостанай облысы	207,4	206,6	156,3	233,1
Қызылорда облысы	213,6	184,1	215,7	246,3
Маңғыстау облысы	235,6	172,4	147,0	259,5
Оңтүстік Қазақстан облысы	233,9	219,2	214,7	264,3
Павлодар облысы	233,1	257,6	159,8	202,7
Солтүстік Қазақстан облысы	209,9	233,7	185,0	197,0
Шығыс Қазақстан облысы	194,1	206,6	190,9	214,9
Астана қаласы	202,6	150,7	134,8	225,0
Алматы қаласы	181,8	166,8	84,3	225,8

Келтірілген мәліметтер көрсетіп отырғандай, жалпы аймақтық өнім (ЖАӨ) және жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнім талданған 5 жыл ішінде Қазақстанның барлық аймақтарында орташа есеппен 2 есеге өсті. Осындай орнықты оң динамика ел экономикасының модернизациясының елеулі өсу мүмкіндіктерін дәлелдейді.

Біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ресурстық, инфрақұрылымдық және институционалды шектеулер бар. Сондықтан индустриалды-инновациялық жаңару басымдықтарын анықтауда және Қазақстан және оның аймақтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда елдің мүмкіндіктерін бағалау басты мақсат болып табылады.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жаңаруын қамтамасыз ету үшін өндірістік күштерді тиімді орналастыру және салалық және аумақтық өнеркәсіптік құрылымды жетілдіруге қол жеткізу қажет. Сонымен қатар, бұл саясат басымды шикі және жартылай өнім бағдарын жеңу, табиғи-климаттық шамада тиімді қолданылатын бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік өнім өндірісін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жаңаруының маңызды басқарушы көрсеткіштері мыналар:

- Аймақтардың өнеркәсіптік салаларының заманауи ғылымды қажет ететін технологияларға бағытталуы;

- Өнеркәсіптің шикізаттық бағытталуын жеңу, өнеркәсіптік қайта өңдеуге табиғи және ауылшаруашылық шикізаттарын белсенді тарту;

- Өнеркәсіптік өндірістің шикізатқа бағытталуының салааралық және салаішілік сәйкессіздіктерін жою арқылы аймақтардың өнеркәсіптік құрылымын жетілдіру;

- Өнеркәсіптік өнімдерді өндіруді өсіру негізінде ішкі және сыртқы нарықта аймақтардың өнеркәсіптік орнын бекіту;

- Сапалы, бәсекеге қабілетті өнім шығаруға қабілетті жоғарғы технологиялық және ғылымды қажет ететін өнеркәсіптік өндіріс құру;

- Бәсекеге қабілетті өнім өндіруді жетілдіру барысында бірлескен әрекетті шетелдік инвестицияларды белсенді тарту.

Қазіргі таңда Қазақстан аймақтарының саясаты аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономикалық өсу орталықтарын дамыту, республика тұрғындарының жұмысбастандылығын және өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі құрастырған аймақтардың маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған “Аймақтарды дамыту” бағдарламасы жұмыс істейді [5].

Бағдарламаның бірінші кезеңінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын шектейтін мәселелер мен факторлар анықталып, облыс әкімдігінің әрекет ету механизмдері ұсынылды. Аймақтардың іскерлік және инвестициялық климатына әсер ететін жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеттерінің бірі инфрақұрылымды дамыту мен қолдау болып табылады.

Келесіде, Қазақстан аймақтарын динамикалық дамыту мақсатында негізгі салмақ шағын қалаларды дамытуға, сондай-ақ экономикалық даму орталықтарының басты мәселелерін шешуге бағытталады.

Қазіргі таңда Қазақстан экономикалық өсудің орнықты жолына шықты. Экономикалық саясаттың орта мерзімді болашағының басым бағыттары анықталды олар:

- 1) Әлемдік экономикаға тиімді бірігу ел экономикасының дамуының сапалық серпінді дамуының негізі ретінде;

- 2) Орнықты экономикалық өсудің іргетасы ретіндегі Қазақстан экономикасын модернизациясы мен әртараптандырылуы;

- 3) Тұрғындардың осал топтарын қорғауға және экономиканың өндірістік саласын дамытуды ынталандыруға бағытталған заманауи әлеуметтік саясат;

- 4) Заманауи білім және ғылым жүйесін, халықтың рухани мүмкіншілігін, мәдениетті өркендеуді дамыту;

- 5) Денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруда заманауи қағидалар мен стандарттарға көшу;

- 6) Экономиканың дамуына теңестірілген дамуы қажеттілігіне сәйкес келетін аумақтық даму.

Осындай жағдайларда мемлекеттің аймақтардың дамуына мемлекеттің араласуының мақсаты – барлық аймақ тұрғындарының өздері қалаған ауқаттылық пен өмір сапасына қол жеткізуінің теңдей мүмкіндігі бар экономикалық әрекеттердің кеңістігі болып табылады.

Аймақтық саясат ұлттық мақсаттың жариялылығына қол жеткізуге бағытталуы тиіс: тұрғындардың максималды жұмысбастандылығы, өмір сапасын жақсарту, кірістерді әділетті бөлу, тұрақты экономикалық өсу. Осы мақсат-

тарда негізгі назар шаруашылық пен тұрғындарды тепе-теңдік орналастыруға қол жеткізу мақсатында “аумақтық қайта құруға” бөлінеді. Нәтижесінде, көптеген қабылданған мемлекеттік бағдарламалар осы аймақтарды дамытуға бағытталған. Аймақтардың бәсекеге қабілетті мамандануын қалыптастыру, экономикасы перспективті аудандарда өндіріс және еңбек ресурстарының бірігуіне жағдай жасау және “өсу полюсын” қалыптастыру, “кластерлік” жол арқылы аумақтың инфрақұрылымын қалыптастыру, полярландыруды қалыптастыру концепциясына сәйкес аймақтардың теңдей дамуында, “өсу полюсы” ретінде аймақтық және жаһандық нарыққа біріккен динамикалық дамушы қалалар немесе облыстар болуы мүмкін.

Еуроазиаттық жүйеде тауарлық, қаржылық, технологиялық және мәдениеттік алмасу орталықтары ретінде Астана және Алматы қалаларының дамуы маңызды рөл атқарады. Осы қалалардың дамуы Орта Азиялық аумақ масштабында бизнес орталықтарға айналуына бағытталған.

Қазақстан Республикасының аймақтық даму стратегиясы аумақтардың комплексті дамуының мәселелерін шешуге концептуалды ықпал жасауды, аудандар экономикасын әртараптандыру мен жаңарту, халықты тиімді орналастыру, өндірістік және инфрақұрылым объектілерін жайғастыруды анықтайды.

Аймақтарда экономикалық реформалардың өткізілу ерекшеліктерін анықтайтын факторларды жалпы 3 топқа бөлуге болады:

– Табиғи ресурстық әлеуеттер ерекшеліктеріне байланысты аймақтардың салалық мамандануы;

– Аймақтардың маманданған республикалық функцияларын атқаруы (бірінші кезекте қорғаныс, ішкі экономикалық және т.б.) нарыққа қабілетсіз салалық құрылымының теңгерімсіздігіне алып келеді;

– Транспорттық кешіктірулер мен өндіріс күшін қолданудағы шығындардағы маңызды өзгерістерге себепші болатын сол немесе басқа аймақтың географиялық орналасуы.

Аймақтық саясат төмендегілер жататын бірнеше аспектілерден (бағыттар, деңгейлер) тұрады: аймақтармен саяси қатынас; бюджетаралық қатынас; аймақтардың мүдделерімен байланысты жалпы әлеуметтік-экономикалық және салалық экономикалық әрекеттер және т.б. Осылардың барлығы – кең

мағынада аймақтық саясат; оның шекарасын анықтау қиын, себебі елдегі барлық мемлекеттік әрекеттер, нақты аумақтық ұйымдар осындай аспект иелене алады [6].

Аймақтар арасындағы айырмашылықтарды азайту мақсатында инфрақұрылымды дамытатын, мақсатты мәселелік аймақтарда тұрғындардың әлеуметтік қамсыздандыру көлеміне кепілдік беретін, әлеуметтік-экономикалық дамытуды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы белгілі бір шаралар жүріп жатыр. Қазіргі кезде Қазақстанның жаңа территориялық ұйымдар қалыптасу үстінде. Бұл бірінші кезекте Алматы және Астана сияқты үлкен қалалар озық дамуда және еліміздің батыс шикізаттық орталықтары: Атырау, Маңғыстау облыстарының экономикалық өсуінен көрінеді. Мемлекеттің он алты аймағының ішіндегі төрт аймағы (республикалық маңызы бар қалалар – Алматы, Астана қалалары, Атырау және Қарағанды облыстары) елдің жалпы ішкі өнімінің жартысын (50%) қамтамасыз етті. Аталған аймақтарда, сонымен қатар экономиканың басты инвестициялары мен басқа да ресурстары шоғырланған. Бірақ, мемлекеттің аумақтық ұйымдасуындағы болып жатқан өзгерістерге қарамастан, аймақтық саясатта бұрынғы тәсілдер сақталуда, атап айтқанда аймақтарды қаржыландыру сұрақтары әлі шешілмей келе жатыр.

Мемлекетте агломерациялардың екі деңгейі белгіленетін болады. Агломерациялардың бірінші деңгейіне әлеуеті ең үлкен қалалар ретінде: Астана, Алматы және Шымкент жатқызылды. Екінші деңгейге: Ақтөбе және Ақтау қалалары жатқызылды. Жалпы, республикадағы агломерацияларды дамытудың басты мақсаты ретінде оларды әлемдік және аймақтық бағдарламалармен бірлескен ұзақ мерзімді өсу орталықтары ретінде қалыптастыру ұсынылады.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамыту шараларын іске асыру келесі бағыттар бойынша жүргізілу керек:

1. Аймақ экономикасын әртараптандыруды қамтамасыз ету үшін қолда бар резервтерді (қаржылықпен қоса) және қолданылмайтын шаруашылық активтерді (тұрып қалған өндірістерді және айналымнан шығарылған немесе мақсатымен пайдаланылмайтын ауыл шаруашылық жерлерін қосқанда) айналымға тарту;

2. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық болашақта дамыту сұрақтарын шешу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту бойынша жүйелік жұмыстар жүргізу;

3. Инновациялардың дамуы үшін жағымды шарттар жасау;

4. Аймақтық экономиканың барлық салаларында шағын кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;

5. Астана, Астана қалаларының және облыстар әкімдерінің аймақтардағы үлкен кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне тиімді экономикалық бақылау орнатуы;

6. Аймақтық экономиканың барлық салаларына энерго-, ресурстық үнемдеу технологияларын және баламалы энергия көздерін пайдалануды енгізу;

7. Республика қалаларының айналасына азық-түліктік аймақтар құру.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігі оның аумағында экономикалық құрылымдарды қалыптастыруға шарттарды қалыптастыратын физико-географиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Аймақтың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін басты факторлар: табиғи ресурстардың, мамандандырылған кадрлардың болуы, дамыған инфра-

құрылым, институционалды дамудың деңгейі және т.б. болып табылады. Республиканың индустриалды-экономикалық даму шартында аймақтардың зерттеушілік және технологиялық дамуындағы әлеуетті күшейту, инновацияларды енгізетін кәсіпорындардың қаржылық қамтамасыз етілуі бірінші орынға шығады. Осылайша, Қазақстанда инновациялық дамуға балама жоқ екені көрінеді. Инновациялық экономика тек қазақстандық экономиканың дербес секторы болып қана қоймай, басқа салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру шарты ретінде қалыптасуы керек [7].

Өз кезегінде Қазақстанның аймақтық саясаты дамудың инновациялық моделіне көшуді ынталандырып, аймақтық бағдарламалар мен бастамаларға жаңа мәдени және геоэкономикалық мән беруі қажет. Оның басты мақсаты – ресурстардың басым бағыттарға шоғырлануын қамтамасыз ету, дамудың инновациялық моделінің аясында биліктің, бизнестің және қоғамдық институттардың аймақаралық және стратегиялық серіктестігіне шарттарды қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, жалпы мемлекеттің және жекелеген аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесетін аймақтық дамытуды басқарудың жаңа инновациялық технологияларын құру қажет.

#### Әдебиеттер

1. Президент Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты Қазақстан халқына жолдауы //Астана, 2012 ж.
2. Байрамова Ж.М. Региональные аспекты модернизации национальной экономики // Известия им. В.Г. Белинского. – 2011. – №24. – С 181-187.
3. Нурланова Н.К. Приоритеты индустриально-инновационной модернизации и возможности их реализации в экономике Казахстана и его регионов. <http://www.group-global.org/publication/view/7026>
4. The Global Competitiveness Index 2013–2014. <http://gtmarket.ru/news/2013/09/05/6219>.
5. Моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарына рналған бағдарламасы. 25 мамыр 2012 жыл.
6. Региональная экономика. – М.: РЭУ им. Г.В. Плеханова, 2010. – С. 21.
7. Стратегии территориального развития Республики Казахстан до 2015 года. – <https://www.law.delovomir.kz/laws/view/2900/1>.

#### References

1. Prezident N.Nazarbaevtyñ «Aleumettik-ekonomikalık zhanartu - Kazakstan damuynyn bastı vektory» atty Kazakstan xalkyna zholdauy//Astana, 2012 j.
2. Zh.m. Bajramova - Regionalnye aspekty modernizacii nacionalnoj ekonomiki//Izvestiya im. V.g. belinskogo. 2011. №24. s 181-187.
3. Nurlanova N.K. Prioritety industrialno-innovacionnoj modernizacii i vozmozhnosti ix realizacii v ekonomike Kazaxstana i ego regionov. <http://www.group-global.org/publication/view/7026>
4. The Global Competitiveness Index 2013–2014. <http://gtmarket.ru/news/2013/09/05/6219>.
5. Monokalalardy damytudyn 2012–2020 zhyldaryna ranalğan bagdarlamasy. 25 мамыр 2012 zhył.
6. Regionalnaya ekonomika. – М.: Reu im. G.v. Plexanova, 2010. – s. 21.
7. Strategii territorialnogo razvitiya Respubliki Kazaxstan do 2015 goda. - <https://www.law.delovomir.kz/laws/view/2900/1>.